**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылғы 13 сәуірдегі кеңесте берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 мамыр N 601. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.24. N 470 ~P020470 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің, облыстардың және Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен болып өткен жұмыс бабындағы кеңесте берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2001 жылғы 13 сәуірдегі кеңесте берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары орындаушылық тәртіптің жай-күйін бақылауды күшейтсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы
3 мамырдағы N 601
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың

2001 жылғы 13 сәуірдегі кеңесте берген тапсырмаларын
іске асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.18. N 1338
қаулысымен.

P011338_

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| | Қаржы секторы | | | |
| 1 | Даму банкінің жарғылық капиталын қалыптасты. руды ескере отырып, Жоспардан тыс түскен бюджет қаражаттарын пайдалану жөніндегі бағдарламаның жобасын әзірлеу | 2001 жылғы 7 мамыр | Бағдарламаның жобасы | Қаржымині, Мемкіріс. мині, Экономсауда. мині, облыстардың және Астана мен Алма. ты қалаларының әкім. дері |
| 2 | Облыстардың, Астана және Алматы қалалары. ның бюджет қаражат. тарының мақсаттан тыс пайдалануына жол бермей, оларды қарызға алу мен жұмсалуын бақылауды күшейту | Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 7 күніне | Президент Әкімшілігіне ақпарат, Үкіметке есеп | Қаржымині (шақыру), облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | "Қазақстан Республи. касы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173_ Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуіне байланысты Бюджетке болжанған қаражат түсімдерін пайдаланудың жоспарын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу | 2001 жылғы 27 сәуір | Жоспардың жобасы | Экономсаудамині (шақыру), Энергетика. мині, Көліккоммині, Ауылшармині, Қаржы. мині |
| 4 | Оралмандар алдындағы берешектерді және әлеуметтік төлемдер бойынша басқа да несиелік берешектерді өтеу үшін қаражат іздестіру мүмкіндігін қарау | 2001 жылғы тамыз | Заң жобасы | Еңбекәлеуметмині, Көші-қон жөніндегі агенттік, Қаржы. мині |
| 5 | Акцизделетін өнімдер өндіретін және сататын кәсіпорындар. дан алынатын салықтар мен алымдарды көбейтудің экономика. лық негіздерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу | 2001 жылғы 8 мамыр | Үкіметке ұсыныстар | Мемкірісмині, Қаржы полициясы агенттігі, Қаржымині, Эконом. саудамині |
| 6 | Мұнай өнімдері ішкі | 2001 жылғы | Үкіметке | Энергетикамині, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | рыногын реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | 14 мамыр | ұсыныстар | Экономсаудамині, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік. ті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Мемкірісмині, "Қазақойл" ҰМК |

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" бағдарламасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа құрылыс салынатын жерлердегі ескі және тозған тұрғын үйлерді, саяжай учаскелерін бұзу процесінде тараптар арасындағы қатынастарды реттейтін заң жобасын әзірлеу | 2001 жылғы 1 шілдеге дейін | Заң жобасы | Әділетмині, Астана қаласының әкімі |
| 2 | Астана қаласының сол жағалауы - жаңа орталығында құрылыс салуды жүзеге асыратын инвесторлар үшін преференциялар жүйесін әзірлеу | 2001 жылғы 1 шілде дейін | Нормативтік -құқықтық кесімнің жобасы | Мемкірісмині, Экономсаудамині, Қаржымині, СІМ, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік. ті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Әділетмині |
| 3 | "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласын әлеуметтік -экономикалық дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік | Бағдарлама. да белгі. ленген мерзімдерге сәйкес | Президент Әкімшілігіне және Үкіметке ақпарат | Астана қаласының жаңа орталығының құрылысын салудың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия, Орталық атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалала. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағдарламасының | | | рының әкімдері |

U010574_

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының уақытылы орындалуын қамтамасыз ету | | | |
| 4 | Мынадай:<br>- бас қаланың сол жағалауында құрылыс салу;<br>- бас қаланың көне бөлігін дамыту және қайта жаңарту мәселелеріне баса назар аудару; | 2001 жыл бойы | Президент Әкімшілігіне және Үкіметке ақпарат | Астана қаласының жаңа орталығының құрылысын салудың барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия, Астана қаласының әкімі |
| 5 | Әзірленетін салалық және аймақтық бағдарламаларда Астана қаласын дамытуға бағытталған нақты шаралар мен тетіктер көздеу | 2001 жыл бойы | Тиісті бағдарламалардағы жеке бөлімдер | Орталық және жергілікті атқарушы органдар |
| 6 | Елді мекендер мен бекітілген аумақтарды көркейту, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөніндегі жұмысты жандандыру | 2001 жыл бойы | Президент Әкімшілігіне және Үкіметке ақпарат | Орталық және жергілікті атқарушы органдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Астана қаласының әкімімен бас қаланы дамытудағы және құрылысын салудағы ынтымақтастық жөнінде шарт жасасуды жеделдетсін | 2001 жылғы 14 мамыр | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке есеп | Облыстардың және Алматы мен Астана қалаларының әкімдері |
| 8 | Астана қаласының әкімі бас қалада сауда үйлері мен басқа да объектілер. дің құрылысын салу және ашу үшін үй-жайлар мен жер учаскелерін бөлу туралы мәселені жедел тәртіппен шешсін | Жыл бойы | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке есеп | Астана қаласының әкімі |

Көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Облыстарды ЖЖМ-мен және тұқымдық астықпен толық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау | 2001 жылғы 14 мамыр | Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау, Үкіметке есеп | Ауылшармині, Қаржы. мині, Энергетика. мині |
| 2 | Нарын-Сырдария су қоймалары құламасының су-энергетикалық ресурстарын пайдалану жөнінде көп жақты мемлекетаралық келісімге қол қою | 2001 жылғы 14 мамыр | Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау, Үкіметке есеп | Энергетикамині, Табиғатмині, Ауыл. шармині, СІМ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Облыстардың әкімдерімен ағымдағы және келесі жылдары қант қызылшасының, сондай-ақ майлы және басқа да жоғары өнімді дақылдардың егіс алаңдарын кеңейтуге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне түрткі салуды күшейту мәселесін пысықтау | 2001 жылғы 14 мамыр, 2001 жылғы 10 маусым | Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау, Үкіметке есеп | Ауылшармині, облыстардың әкімдері |
| 4 | Негізгі азық-түлік тауарларының импортын алмастыру жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру | 2001 жылғы 14 мамыр, 2001 жылғы желтоқсан | Қазақстан Республикасының Президентіне баяндау, Үкіметке есеп | Ауылшармині, Экономсаудамині, Мемкірісмині |
| 5 | Ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеу жөніндегі отандық кәсіпорындардың өндірістік қуаттары жүктемесін арттыру жөнінде шаралар қабылдау | 2001-2003 ж.ж. маусым, желтоқсан | Үкіметке есеп | Экономсаудамині, Ауылшармині, облыстардың, Астана және Алматы қала. ларының әкімдері |

Сайлау комиссиясының мәселелері

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алдағы уақыттағы ауылдық округтер мен кенттердің әкімдерін сайлауды | 2002 жылғы 1 қыркүйек | Үкіметке ұсыныстар | Қаржымині, Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қаржылық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу | | | |
| 2 | Ауылдық округтер мен кенттердің бюджеттерін қалыптастырудың тетігін әзірлеу | 2002 жылғы 1 қыркүйек | Заң жобасы | Қаржымині, Экономсаудамині, Әділетмині, Стратегияагенттігі (келісім бойынша) |

Орындаушылық тәртіпті бақылау

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайтын бағдарламалар мен шешімдердің іске асырылуына қатаң бақылау орнату | есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне, тоқсан сайын | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке ақпарат | Орталық және жергілікті атқарушы органдар |
| 2 | Премьер-Министрдің 2000 жылғы 2 қарашадағы N 22/001-31 хатындағы экономиканы реформалау жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы баяндау | 2001 жылғы 14 мамыр | Президент Әкімшілігіне ақпарат | Экономсаудамині (жинақтау), министрліктер мен агенттіктер |
| 3 | Амангелді газ кен орнын игеру жөніндегі көзделген бағдарламаны іске асыруды жандандыру | 2001 жылғы 14 мамырға дейін | Президент Әкімшілігіне ақпарат, Үкіметке есеп | Энергетикамині |
| 4 | Барлық ықтимал | тоқсан | Президент | Табиғатмині |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | нұсқалар мен шектес мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып, Көксарай су қоймасының құрылысын салудың ТЭН-ін әзірлеуді белгіленген мерзімде қамтамасыз ету | сайын | Әкімшілігіне ақпарат, Үкіметке есеп | |
| 5 | РМК қызметін тәртіпке келтіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу, оларды ықтимал жекешелендірудің сызбасын белгілеу | 2001 жылғы 20 мамыр | Үкіметке ақпарат | Қаржымині (шақыру), Әділетмині, Уәкілетті органдар - министрліктер |
| 6 | Үкімет мүшелерінің қызмет бабындағы іссапарларына қатаң бақылау орнату және олардың тиімділігін арттыру, министрлер мен әкімдердің халықаралық семинарларға, конференциялар мен оқу курстарына қатысу практикасын тәртіпке келтіру, олардың өкілдерінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету | Есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне, тоқсан сайын | Үкіметке есеп | Қаржымині (шақыру), СІМ, Орталық және жергілікті атқарушы органдар |
| 7 | Іссапарлар мен өкілдік іс-шараларға арналған бюджет қаражатының жұмсалуын тексеруді | 2001 жылғы 7 мамыр | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке ақпарат | Қаржымині, СІМ, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жүзеге асыру және баяндау | | | жөніндегі есеп комитеті (келісім бойынша) |
| 8 | Үкімет резервінің қаражатын пайдаланудың ережесін қатаң ұстану және олардың мақсаттан тыс пайдаланылуына жол бермеу | 2001 жылғы 15 мамырға дейін | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке есеп | Қаржымині |
| 9 | Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары ведомстволық бағыныстағы қызметтік автомобиль көлігінің мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуі | 20 шілде, 20 желтоқсан 2001 жыл | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке есеп | Орталық және жергілікті атқарушы органдар |
| 10 | Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары аппараттарды ұстауға арналған қаражаттың жұмсалуына қатаң бақылау орнатсын | 2001 жылғы 14 мамыр | Президент Әкімшілігі мен Үкіметке есеп | Қаржымині, Орталық және жергілікті атқарушы органдар. дың басшылары |
| 11 | Мемлекеттік қызмет. шілердің, әсіресе мемлекеттік құрылымдар басшыларының тарапынан браконьерлік фактілерін түбірімен жою, оларды бұқаралық ақпарат құралдарында | 2001 жылғы 5 шілде 2002 жылғы 5 қаңтар | Үкіметке ақпарат | Табиғатмині, МАКМ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жария ету, бұл туралы тиісті органдарға уақытылы ақпарат беру, лицензиялар берілуін бақылауды күшейту жөнінде қажетті шаралар қабылдау | | | |
| 12 | Мемлекеттік қызметші этикасының қазіргі нормаларын мүлтіксіз сақтау, бағынысты қызметшілерге талапты күшейту | 2002 жылғы 10 қаңтар | Үкіметке ақпарат | Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары |
| 13 | Экономика және сауда министрлігі 2001 жылға белгілеген Кәсіпорындарды қалпына келтіру мен іске қосу және жұмыс орындарын құру кестесінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету | 2001 жыл бойы ай сайын | Президент Әкімшілігіне ақпарат, Кестенің орындалуы жөнінде Үкіметке есеп | Экономсаудамині (шақыру), Энергетикамині, Еңбекәлеуметмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 14 | Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларының іске асырылуын бақылауды күшейту | 2001 жылғы 10 мамыр | Есеп | Орталық атқарушы органдар |
| 15 | Мемлекет басшысының, Президент Әкімшілігі, Үкімет пен Премьер-Министр Кеңсесі басшылығының актілері мен | ай сайын 5-күнге | Үкіметке есеп | Орталық және жергілікті атқарушы органдар |

тапсырмаларының іске
асырылуын бақылауды
күшейту.
Орындалу мерзімі
бұзылған жағдайда
қызметтік тексерудің
нәтижелері мен
қабылданған шаралар
туралы ақпарат беру

---

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК